

Дәріс № 13. Экологиялық сертификаттау

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 8- Экологиялық мониторинг әдістерін біледі және орындайды;

ПОН 9- Биоиндикацияны қолданудың негізгі принциптері мен түрлері, Сынамаларды іріктеу әдістемелерін көрсетеді;

ПОН 10-Қоршаған орта сапасын нормалау түрлерін орындай алады;

ПОН 11- Экологиялық стандарттаудың нормативтік-құқықтық тұрғыда талдау жасап, Экологиялық кодекске, мемлекеттік стандарттар мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымдарға анықтама бере алады.

Дәріс жоспары:

1.Экологиялық сертификаттау

2.Экологиялық таңбалау

Дәріс мақсаты: Экологиялық стандарттауды түсіндіру

Дәріс мәтіні:

1. Экологиялық сертификаттау

Экологиялық сертификаттау немесе экологиялық талаптармен сертификаттау шаруашылық және басқа да қызметті экологиялық қауіпсіздік жолмен жүргізуді қамтамасыз ету болып саналады.

Экологиялық сертификаттаудың мақсаты өндірушілердің қоршаған ортаны сақтауға арналған өнімдерді және технологияларды өндіріске енгізу болып табылады.

Көп өнімдерге экологиялық сертификаттау немесе белгісі осы өнімдердің бәсекелестігінің жоғары екенін анықтайтын фактор.

Сертификаттаудың экологиялық талаптарға сәйкестігі сертификаттаудың ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, ол денсаулықты сақтау мен қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялық процесстерді ендіру мен өнімді шығарудың прогрессивті ынталандыру жолы.

Экологиялық басқару жүйесін стандарттау Ресейд 1990 жылы басталды. Сол жылы ИСО/ТК 207 «Қоршаған орта басқару» техникалық комитеті құрылды. 1996 жылы ол комитет ИСО1400 сериялы стандарттар жиынтығын дайындады. Бұл стандартқа байланысты экологиялық басқаруды стандарттау (ЭБС) кәсіпорынның жалпы әкімшілік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде анықталып, кәсіпорынның шаруашылық қызметінде немесе өнімнің өндірудің барлық сатыларында өнімнің қоршаған ортаны тқорғауды басқару мақсатында ақталды. Экологиялық басқарудың сертификаттының негізгі мақсаты экологиялық тәуекелді басқару.

ИСО1400 стандартын 3 топқа бөлуге болады:

- жалпы стандарттар – Мем СТ ИСО 14001-20007 (ИСО 14001:1996) «Қоршаған ортаны басқару жүйесі», «Пайдалануға арналған талаптар мен басшылық», Мем СТ 14004-99 (ИСО 14050-98) «Қоршаған ортаны басқару. Сөздік».

- қоршаған ортаны басқаруды бағалау мен тексеру ережелеріне стандарттар – Мем СТ ИСО 14010-98 (ИСО 14010-1996) – Экологиялық аудит жүргізудің басшылық нұсқаулары. Негізгі принциптері», ИСО 14031-1996 «Қоршаған ортаны басқару. Қоршаған ортаны бағалау, нұсқаулар;

- өнімге бағытталған стандарттар – ИСО 14020-1998 «Экологиялық маркирлеу және декларациялар. Негізгі принциптері»; ИСО 14021-1998 «Экологиялық маркирлеу және декларациялар. Қоршаған орта декларациялары»; ИСО 14024-1998 «Экологиялық маркирлеу және декларациялар. 1 типтегі экологиялық маркирлеу. Процедуралары мен принциптері»; Мем СТ ИСО 14040-99 (ИСО 14040-1997 «Қоршаған ортаны басқару. Өмір циклін бағалау. Принциптері мен құрылымдары»; ИСО 14042 «Қоршаған ортаны басқару. Өмір циклін бағалау. Принциптері мен құрылымдары»; ИСО 14043 «Қоршаған ортаны басқару. Өмір

циклін бағалау. Интерпретация»;

Экологиялық басқаруды стандарттаудың (ЭБС) ИСО 14001 стандартына сәйкестігін сертификаттау жүргізуінің тәртібі ИСО 9001 бойынша сапа жүйесін сертификаттау үрдісіндей болып жүргізіліп, ЭБС және сапа жүйесін сертификаттауды жүргізудің біріңғай стандарты құрылады.

ЭБС сертификаттаудағы негізгі тексеру объектілеріне келесілер жатады.

- кәсіпорындардағы қоршаған ортаны қорғауды жақсарту, басқару мен қамтамасыздандыру қызметінің Мем СТ ИСО 14001 стандартының талаптарына сәйкестігі;
- қоршаған ортаны ластайтын немесе зиянды әсер беретін өнімдердің шығуы ықтимал өндірістің технологиялық сатылары;

- өнімді дайындау, пайдалану маркетинг жүргізі және утилизациялаудаға экологияландыру.

1998 жылы 55 елде 5147 компания сертификатталған және ИСО 14001 стандарттары бойынша жұмыстары басқарылады. 1999 жылы 9 еуропа елінің ұлттық аккредиттеу органдарының арасында қоршаған ортаны қорғауды басқару облысы бойынша сертификаттау органдарын аккредиттеуін мойындау туралы келісім жасалды. Келісімге қол қойған ел келесі бағыттардың жұмысына қатыса алады:

- тексеру зертханалары
- сынақ зертханалары
- өнімді сертификаттау органдары
- сапа жүйесін сертификаттау органдары
- персоналды сертификаттау органдары қоршаған ортаны басқару жүйесін сертификаттау органдары.

Экологиялық сертификаттау міндетті және ерікті жағдайда жүргізілуі мүмкін.

Міндетті сертификаттауға қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес төмендегі жағдайларға жауап беретін объектілер жатады:

- қоршаған ортаны қорғау талаптарына;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін;
- биологиялық әртүрлілікті сақтайтын.

Міндетті экологиялық сертификаттау объектілеріне төмендегілер жатады:

- халықаралық стандарттармен реттелетін қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жүйелер;
- ҚР кіруі немес шығуы мүмкін қоршаған ортаға зиянды өнімдер, озон қабатын бұзушы заттар;
- өндірістік, кәсіпорындардың тәжірибелік объектілері мен қорғаныс саласы кәсіпорындарында пайдаланатын экологиялық зиянды технологиялар;
- өндіріс пер тұтыну қалдықтары;
- халықаралық сауда конвенциясына кіретін жоғалу қауіпі туындаған флора мен фауна түрлеріне қатарлы жануарлар мен өсімдіктер түрлері.

Қазіргі кезде Қазақстанда экологиялық сертификаттау енді ғана дамып келе жатыр.

Экологиялық сертификаттау облысына жататын объектілер келесі:

1. өнім, үрдістер, жұмыстар, қызметтерге арналған экологиялық талаптар;
2. ҚР Мемстандарт жүйесінің ережелерімен экологиялық спецификасына қарай сертификатталмайтын объектілер;
3. нормативтік талаптар және сертификациялық процедуралар дайындалмаған қоршаған орта және оны құрайтындар.

Экологиялық сертификаттаудың актуалды сферасы бұл - қалдықтар. Осы саладағы сертификаттау қалдықтардың қоршаған ортаға әсерін жою және оны екінші рет қолдану болып табылады.

Келесі сала - ішетін су бойынша сертификаттау жұмыстары қазіргі кезде жақсы жүргізіліп жатыр. Ішетін су, материалдар, шаруашылық ішетін сумей қамтамасыз етудегі технологиялық үрдістер және құрал-жабдықтарды сертификаттаудың процедура-лары дайындалып жатыр.

Ішетін суды сертификаттау Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатыр.

Батыс Еуропа елдерінде экологиялық сертификаттау өте жақсы дамыған. Ол көбінесе сертификаттауды толықтырады және міндетті болып келеді. 1960 жылдан бастап Францияда заңмен ауыл шаруашылығы өнімдерінің сертификатталуы бекітілген, осының негізінде экологиялық белгілер енгізілген. Экосертификаттаудың қағидалары -тұтынушы және қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіз болуы. Франциядағы экосертификаттаудың ережелері бойынша тұтынушы экологиялық таза өнімдерді бақылауға, экосертификат беруші орган құрамына кіруге құқысы бар.

Германияда экологиялық сертификаттау 1974 жылы басталған. Германияда экосертификаттауды жүргізу жұмысына «Сапа және сертификаттау кепілдігін беретін Неміс институты», «Қоршаған ортаны қорғау бойынша Федералдық бюро», «Неміс өндірісінің ассоциациясы», «Сауда ассоциациясы» қатысады.

Еуропадағы қоршаған ортаны қорғау мәселесі Данияда ерекше түрде қарастырылады, себебі Дания табиғатты ластаушы Шығыс-Еуропа, Ұлыбритания, Швейцария елдерімен шекарала-сып жатыр. Данияда химия өнімдерін және олардың компонент-терін қолдану және өндірісін реттейтін заңдар жұмыс істейді. Осы заңдарда экосертификаттау қағидалары көрсетілген. Дания парламенті Еуроодақтағы экология облысындағы барлық іс-шараларды ескереді. Дания мемлекеті экологиялық белгілердің қолданылуын қамтамасыз етеді, бірақ бұл ерікті түрде болу керек деп санайды. Дания өңірлік ұйымдар - ИНСТА, НОРДЕСТ және НОРДА-ның жұмыстарына қатысады.

Еуроодақтағы экосертификаттау принциптері. Еуроодақтағы еуропалық экосертификаттау барлық елдерде ерікті түрде жүргізіледі. 1993 жылы ЕО Директивасы қабылданған, осы директиваның негізінде экосертификаттаудан өткен өнім ортақ Еуропа нарығына сатылуына рұқсат алады және оның бағасы екі есе жоғары болады. ЕО экосертификаттау жүйесі «голу- бой ангел» неміс экосертификаттау жүйесіне негізделген. Экосертификаттаудың ережесі барлық тауар түрлеріне қолданылмайды. ЕО экосертификаттаудың белгісін тауарға беру ұлттық деңгейде жүргізіледі. Еуроодақта экологиялық таңбалау арнайы белгімен белгіленген. Осы белгінің енгізілу мақсаты - тұтынушыларға сатып алынатын тауардың экологиялық жағдайы туралы шынайы ақпарат беру және тауар өндірушілердің қоршаған ортаға байланысты нормаларды және талаптарды сақтауға стимул береді.

Экологиялық таңбалау азық-түлік өнімдерін, сусындарды және дәрі-дәрмектерді белгілеуде қолданылмайды. Директива бойынша тауардың құрамында қауіпті бірақ жеткілікті мөлшерде болатын заттар экологиялық таңбалау бойынша белгіленіп кетеді. Таңба түсі жасыл, көк, ақ фонда қара (немесе керісінше болады). Экологиялық таңбалауды қолдану үшін тауар өндірушілер шығаратын өнімдерінің экологиялық жағдайына баға беру үшін сертификаттау органдарымен контракт жасап, экологиялық белгіні алады. Экологиялық белгі тауарды нарықта сату үшін жарна-малау кезінде қолданылады.

2. Экологиялық таңбалау

Экологиялық таңбалау – бұл мәтін, жеке графикалық, түрлі түсті символдар мен олардың комбинацияларынан тұратын өнім, үрдіс немесе қызметтің экологиялық сипаттағы кешені. Ол бұйымның қаптамасына жапсырма, этикетка немесе ілеспе құжаттамада ретінде белгіленеді.

Экологиялық таңба өнімнің экологиялық жағдайы туралы және басқа да ақпарат береді. Мысалға алғанда өнімнің адамға және қоршаған ортаға экологиялық қауіпсіздігін білдіреді.

Экологиялық таңбалау үкімет үшін экологиялық тәжірибенің табысты ынталандырудың негізі болса, бизнес үшін нарықта экологиялық таурды алға жылжыту құралы болып табылады. Алайда, экологиялық таңбалаудың негізгі мақсатына төмендегілер жатады:

- қоршаған ортаны қорғау. Экологиялық таңбалаудың мемлекеттік және мемлекет емес бағдарламаларын пайдалану арқылы басқарушы орган экологиялық тауарлар мен қымбатты ынталандыруға әсер етуі мүмкіндігіне ие;

- экологиялық инновация мен осы саладағы көш басшылықты ынталандыруу экологиялық белгілерді тарату арқылы экологиялық белгілеу бағдарламасы нарықты экологиялық инициативалар мен осы саладағы бизнесті дамытуды ынталандыруды ұсынады;

- экологиялық аспектер арқылы тұтынушыларды хабардар ету ;

ИСО 14 000 сериялы халықаралық стандарттарда экологиялық белгілеуге бірқатар талаптар қойылды.Олар:

• тұтынушы мен жеткізуші арасындағы нақтылықсызды төмендету. Себебі әртүрлі экологиялық таңбаң дамулаудың тұтынушылар арасында барлық белгілерге сенімсіздік тудырады.

- экологиялық көрсеткіштер мен қоршаған ортаға антропогендік жүктемені төмендету;
- халықаралық сауданың дамуына ықпал етеді.
- тұтынушыға таңдауға мүмкіндік береді.

«Экологиялық таза» деген белгімен белгіленген Ресей және отандық өнімдердің қаптамаларды көптеп кездесуге болады. Көптеген мамандар бұл мәтінмен берілген таңбаны мағанасыз деп отыр. Экологиялық таза деп адамға және қоршаған ортаға зиянын, сонымен қатар оның өндірілгенде және утилизацияланғанда табиғатқа зиянын тигізбейтінің айтады. Шындығын айтқанда, ондай жағдай тәжірибеде болмауы мүмкін, тек қана тигізілетін әсердің дәрежесіне ғана байланысты. Мысалға алғанда, Канадада «Экологиялық таза» деген белгі қоюға тиым салынады.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Экологиялық сертификаттауды түсіндіріңіз.

2. Экологиялық таңбалауды айтып беріңіз.

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: Мемлекеттік метрологиялық қадағалаудың нысандары және Техникалық реттеу саласында ҚР заңнамасын бұзғаны үшін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.
5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, - М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.



Өнімнің табиғи немесе органикалық шығу тегі туралы ақпараттар төмендегі белгілерде көрсетілген.



Ресейде кездесетін экологиялық талаптарды қамтитын сертификация жүйесіне сәйкес экологиялық белгілердің бірқатарын қарап көрейік.



Міндетті сертификаттау жүйесіне сәйкес белгі



Халықаралық экологиялық қордың экологиялық белгісі



Экологиялық сертификат

Хлор органикалық қосылыстардан бос өнімнің экологиялық белгісі



"Хлордан бос" белгісі



«Жасыл көк» белгісі

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция
Деңгейлік тапсырмалар:

1. Халықаралық стандарттауды айтып беріңіз.
2. Халықаралық сертификаттау айтыңыз.

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: ҚР Техникалық реттеу Заңы және Мемлекеттік бақылауды жүргізетін лауазымды адамдардың функциялары мен құқықтары

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.
5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, - М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.

